

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1369 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы N 645 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 451 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.31. N 451 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесін және Телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді қайта баланстау жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1369 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 50, 630-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақта "2008 жылғы 1 шілдеден бастап" деген сөздер "2009 жылғы 1 қаңтардан бастап" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді қайта баланстау жоспарында:

"Тарифтің шекті деңгейі (теңге, ҚҚС-сыз)" бағанында "2007" және "2008" деген сандар тиісінше "2008" және "2009" деген сандармен ауыстырылсын;

"Өзгеруі" бағанында "2008/2007" деген сандар "2009/2008" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*